



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

10. KazbekovaZh.B. Management of financial flows of the economy of Kazakhstan in the conditions of globalization: diss. for the academic degree of Doctor of Philosophy (Ph.D.): 08.00.00 / KazNU. Al-Farabi, Almaty, 2009 - 148 p.

ОӘЖ 336.02

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМНІҢ ДРАЙВЕРЛЕРІ РЕТІНДЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛАР

Қыдырмолданова Қорлан Асқарқызы

korlan_007@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Экономика факультеті, қаржы мамандығының 1 курс
магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Д.Мажитов

Бүгінде «инновация» көп қолданылатын терминдердің қатарында. Себебі, қазіргі заманның барлық саласы осы ұғыммен тікелей байланысты. Қай салада да қазір инновациялық даму, нанотехнология аса маңызды болып табылады.

«Инновация» негізінен ағылшын тілінен аударғанда «жаңалық енгізу, жанашылдық» деген ұғымды білдіреді екен. Жаңа өндірістік процесті, өнімді немесе қызметті игеру, нақтырақ айтқанда, жаңалықты инвестициялау деген мағына береді. Яғни, бұрын болмаған жаңалық, қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандырудың жаңа әдісі деген түсініктеменің жиынтығына саяды. Жаңа практикалық әдісті тарату және қолдануды құрудың кешендік үрдісі немесе ғылыми-техникалық шешімнің, ұсыныстардың, жаңа идеялардың тәжірибеге енуі, іске асырылуы және де соңында қолданылуы.

Мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің алдындағы ғаламдық қатерлерді нақтылап, дамудың негізгі бағыттары мен басымдықтарын айқындап берді.

Үкіметке, бизнес пен қоғамға елімізді жалпыға бірдей тұрақты даму жолына түсіру мақсатындағы тапсырмаларды орындау жүктелді. «Қазақстан-2050» Стратегиясындағы көшбасшылыққа жетелейтін қазақстандық жол – үдемелі индустрияландыру мен инфрақұрылымды дамыту арқылы тұрақты экономикалық жетістікке жету нәтижесінде орындалмақ [1].

Экономикалық ғылым мен экономикалық даму тәжірибесі көрсеткендей, жаңа технологиялар мен инновацияның енгізілуі-экономиканың дамуын қамтамасыз етеді. Көптеген дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, бүгінде инновациялық қызмет-әлемдегі көшбасшы елдердің мемлекеттік экономикалық саясатының басты маңызды бағыты болып табылады. Инновация еңбек өнімділігінің артуына, жаңа өндірістік салалардың, қызметтер мен жаңа жұмыс орындарының ашылуына, қызмет көрсету сапасының жоғарылауына және әлемдік нарықта отандық тауарлардың бәсекелік қабілеттілігінің жоғарылауына үлес қосады.

Қазіргі таңда еліміздің инновациялық дамуы орташа дәрежеде. 2012 жылы 30 шілдеде "Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы негізінде қазіргі жағдайға талдау жасаймын. Жобада қазіргі уақытта Қазақстанда инновациялық белсенділік деңгейі 4,3%-ды құрайды, ал Германияда бұл көрсеткіш – 80%-ды, АҚШ-та, Швецияда, Францияда – шамамен 50%-ды, Ресейде – 9,1%-ды құрайды [2]

Ұлттық экономиканың жаһандану жағдайындағы сақталылатын бәсекелестік артықшылықтары қарастырылады. Ұлттық инновациялық қор және жеке капиталдың бірігуімен жиынтық жарғылық қоры \$85 млн. құрайтын 5 венчурлық қор құрылды.

Инновациялық қызметті дамыту үшін арнайы қаржылық қолдау құралдары кеңейтіліп, отандық кәсіпорындар үшін салықтық жаңа жеңілдіктер мен преференциялар енгізілді. Соңғы 2011 жылдың өзінде ғана технологиялар сатып алу гранттарына сұраныс 2 есе ұлғайды. Әлемдік дағдарыстың созылып кеткеніне қарамастан, Қазақстан индустриялық-инновациялық жобалар арқылы экономиканың 7% орнықты өсуін қамтамасыз етіп келеді.

Қазақстандық инновациялық жүйе жетілдіріліп, индустриялық-инновациялық қолдаудың жаңа құралдарымен толықтырылуда. Мысалы, 2012 жылы «Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, онда инновациялық гранттардың 5 жаңа түрін қамтитын индустриялық-инновациялық дамуды қолдаудың 14 құралы көзделген. Сондай-ақ елді технологиялық жоспарлау жүйесінің негізі қаланды, индустриялық-инновациялық саясатты іске асырудың тиімділігін талдау тетіктері ұсынылды, инновацияларды қолдау мен ынталандырудың жаңа тетіктері көзделді және инновацияларды қолдаудың қолданыстағы тетіктері жетілдірілді.

Венчурлік қорлар, салалық конструкторлық бюролар құру жөніндегі жұмыс жалғасуда, коммерцияландыру кеңселері ашылуда, өңірлік технопарктерде бизнес-инкубациялау бағдарламасы жұмыс істейді.

Сонымен қатар, Дүниежүзілік Банк рейтингісіне сәйкес инновациялық көрсеткіші бойынша Қазақстан қазіргі уақытта Марокко (91), Филиппины (90), Кения (89), Мавритания (95) және Ангола (96) сияқты елдермен қатар 92 орында[2].

Бүгінде әлемдік тәжірибелерге сәйкес көптеген жаңашылдықтарды енгізуде. Мысалға алатын болсақ, Қытай елінің почта-жинақ банкі (PSBC). Оның 2015 жылдың аяғындағы активтері, \$1,09 трлн, ел аумағында 7 орынды және дүниежүзі бойынша 25 орынды иеленетін, 40 мыңнан асатын бөлімшеден тұрды. Бұл банк өзінің активтерді сенімді басқару бойынша IBM-нен Hyperledger блокчейн-шешімді қолдана бастағандығын айтты. 2016 жылдың қазанынан бастап 100-ден аса шынайы келісімдерді жүргізіп, бақылаудан өткізді. Блокчейн-шешім кредитті беру немесе бермеуге және тәуекелдерді басқару бойынша процестегі жұмысты 60%-80% қысқарта түседі. [3]

Сол сияқты, Тинькофф банкі VisionLabs LUNA-мен бірге қызмет көрсту аясында тұлғаларды верификация және идентификация ету үшін шексіз лицензиялық келісімшартқа отырды. Бұл жүйе арқылы банк оффлайн-тексеруді жүргізеді, яғни кредит алу үшін өтініш берген клиенттердің базалық деректемелерін, жалтару немесе ұрлау сияқты жағдайларды зерделеу үшін, сонымен бірге клиенттің фотосы бойынша верификация істейді. Бұл системаны енгізу өтініштерді орындауда уақыт көлемін және банктің несие тәуекелін төмендетте түседі. [4]

Сонымен бірге, Индияның Ұлттық трансформация институтының басшысы (NITI Aayog), Амиитабах Кант (Amitabh Kant) 9 қаңтардағы Pravasi Bharatiya Divas конференциясында: «Индия елінде 2020 жылға қарай бар дебеттік, кредиттік карталар, банкоматтар және [POS]-терминалдар керек емес болады», - деп білдірді. Индия елінің премьер-министрі Нарендры Монди қолдауымен дәстүрлі төлем форматтарынан бас тарту BНІМ (Bharat Interface for Money) қосымшасының пайда болды. [5]

Google Inc. АҚШ-та Android Pay төлем жүйесін іске қосты, ол Apple Payмен бәсекелестік құрайды және Google-гемобильді қосымшалар нарығында өсіп жатқан позицияларды иеленуге мүмкіндік береді. Android Pay смартфонды цифрлық әмиянға айналдырады: жүйе нақты, сондай-ақ виртуалды дүкендерде пайдаланылуы мүмкін пайдаланушы деректерін сақтайды.

Android Pay барлық төрт негізгі төлем жүйелерінің карталарын сүйемелдейді

-Visa, American Express, Discover және MasterCard, ол Android базасында соңғы құрылғылардың көпшілігімен үйлесімді. Осы жүйені пайдалану пайдаланушыларға тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге 1 млн аса америка дүкендерінде тауарлар мен қызметтерге, сондай-ақ 1 мың мобильді қосымшаларға төлем жасауға мүмкіндік береді, деп хабарлайды Bloomberg агенттігі. Android Pay серіктестері арасында-Macy's Inc., Staples Inc. және Whole Foods Market Inc. бөлшек саудалары бар,-деп хабарлады Android Pay-ге жауап беретін

Google-өнімдері жөніндегі директор Пали Бат.Forrester Research Inc.зерттеушілер компаниясының болжамына сәйкес, 2015 жылы мобильді төлемдер нарығының көлемі 67 млрд. долларға жуықты құрады, 2019 жылға қарай 142 млрд. долларға ұлғаяды. [6]

Сонымен қатар басқа да банк саласына ұсынылатын инновациялар қатарына:

1) Қолда жүретін девайстер: Өзіңіздің пайдаланушы статусын беретін, әрдайымда бірге ала алатындай құрал ретінде қарастырсақ? Сіздегі браслет, кулон немесе фирмалық қаламды тигізумен кез-келген сауда-саттықта төлем жүйесін жүргізуге көмек бере алатындай.

2) Дауысты келісімшарттар: жаңа форматта онлайн-банкинг режиміндегі сіздің алдын-ала көзделмеген шығындарыңызды немесе басқа да төлемдеріңізге байланысты дауысты түрде хабарлау.

3) 24/7 стилінде жұмыс: банктер қазіргі таңда жұмыс атқарудың дәстүрлі кезеңінен кете түсуде, яғни өзінің қызметтерін барынша кез-келген уақытта қолжетімдірек ету үстінде. Клиенттермен әрдайым байланыста бола алу үшін WeChat, Facebook Messenger, Google Hangouts, Whatsapp және т.б. сияқты қосымшаларды қолдану ұсынылуын мүмкін.

Мобильді Банк қызметінің көмегімен сіз өз картаңызда жүріп жатқан барлық іс-әрекеттерден хабардар бола аласыз, интернеттің, ұялы байланыстың және ТҮКШ (тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы)-қызметтері үшін төлем жасай аласыз. Сіздің өз шотыңыздың мөлшері, картаңызда қалған қаржы, орындалған операциялар туралы ақпараттар қол жетімді болады.

“Bank” - қызметі қашықтықтан банктік қызмет көрсетудің аппараттық-бағдарламалық кешені, банк клиенттеріне “жаңаруға” өзінің қаржысымен есепші және карталар басқаруды іске асыру және қазіргі уақыт режимінде интернет желісі (онлайн) және мобильдік телефон арқылы қаржы операцияларын іске асыруға мүмкіндік береді.

Атап айтқанда:

- жеке шоттарыңыздың арасында ішкі аударымдар;
- банк клиенттерінің шоттарының арасында ішкі аударымдар;
- алушының Қазақстандағы басқа банктегі шотына теңгемен аударымдар;
- шетел валютасындағы халықаралық аударымдар;
- коммуналдық қызметтердің, интернет қызметтерінің, сондай-ақ мобильді және қала байланысы қызметтерінің, кабельді және цифрлық теледидар қызметтерінің және басқа қызмет ақысын төлеу;
- бюджеттік төлемдер, салықтарды төлеу;
- төлемдер мен аударымдар бойынша күрделі операцияларды құру, өзгерту, жою;
- ЖҚЕ бұзғаны үшін айыппұлдар төлеу (көлік және техникалық паспорт нөмірі бойынша, жүргізуші куәлігі нөмірі бойынша, хаттама бойынша);
- жаңа айыппұлдардың болуы/пайда болуы туралы push-хабарламалар алу;
- жеке тұлғалардың мүлкіне салық төлеу;
- елді мекендік жерге жеке тұлғалардың жер салығын төлеуі;
- жеке тұлғалардың салықтары үшін өсім, айыппұл, берешектерді төлеу;
- жүргізуші куәлігін алу үшін мемлекеттік баж салығын төлеу;
- паспорт және жеке куәлік алу үшін мемлекеттік баж салығын төлеу;
- тұрғылықты жері бойынша тіркеу үшін мемлекеттік баж салығын төлеу;
- дәрілік құралдар немесе МТБ бойынша жақын дәріханаларды іздеу, тапсырыс беру және есеп айырысу;
- жеке кабинеттегі пайдаланушы профилінің мәліметтерін редакциялау және т.б.

Банк операцияны жасау сәтіндегі қолданыстағы Банк тарифтері бойынша ақылы негізде жүзеге асырылатын, Клиентке «Мобильді Банк» АҚ-да барлық өзінің банктік шоттарына алыстан басқаруды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін «Мобильді Банк Online» жүйесінде Клиентке банктік қызмет көрсетуді жүзеге асыруға міндеттенеді.

Клиент «Мобильді Банк Online» жүйесінде банктік қызмет көрсету құқығына осы Шартты жасаған соң, Кілттік тасымалдаушыны алған соң және осы Шарттың ажырамас

бөлігі болып табылатын электронды сандық қолтаңбаны тану және Кілттік тасымалдаушыны Қабылдау-беру туралы актіге қол қойған соң ие болады.

Егер Банк тексеру кезінде Электронды сандық қолтаңба дұрыс деп танылса және Электронды құжатты қабылдау сәтіне Банк Клиенттің Кілтті тасымалдаушыны немесе банктік шоттарға қолжетімділікті шектеу туралы өтінішін бекітпесе, Клиент және Банк Электронды құжаттардан туындайтын барлық міндеттемелерді толық көлемде өздеріне алуға міндеттенеді [7].

Олай болса, инновацияның түпкілікті мақсаты болып табылатын білімді экономикаға көшіру мен оны коммерцияландырудың механизмдерін жүзеге асыру шарт. Инновациялық үрдістегі маңызды түйіннің бірі осы мәселе. Себебі, кез келген ұлы мақсат пен ауқымды жоспардың жүзеге асу тетіктері дұрыс жасалмаса, еткен еңбек, төккен тер далаға кетеді [8].

Қорытындылай келе, бұл мақаланың соңында айтатынымыз әлеуметтік-экономикалық жаңғыртуды инновациялық даму арқылы жүзеге асыру ел игілігі үшін аса маңызды мәселе. Ел экономикасының қай саласы болмасын инновациялық жаңғырту, яғни заман талабына сай жаңа технологияларды ойлап тауып, игеру, жарыққа шығару аса қажет екені мәлім болды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. "Егемен Қазақстан" газеті, 01.08.2013.
2. 2012 жылы 30 шілдеде «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығы.
3. <http://futurebanking.ru/post/3254>
4. <http://futurebanking.ru/post/3242>
5. <http://futurebanking.ru/post/3253>
6. http://prodengi.kz/innovacii_v_bankah/google_zapustila_platezhnyu_sistemu_android_pay/
7. http://kz.eubank.kz/press/clients/kurmetti_klientter_8_12_2014/.
8. Жанзакова Н., Таңқаев А.С. «Елдік өркендеу және инновациялық даму» мақаласы, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті.

ОӘЖ 336.647

КӘСІПОРЫННЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ БОЛЖАУ ӘДІСТЕРІН ЖАҚСARTУ ШАРАЛАРЫ

Маханов Елдос Маратұлы

Eldos049@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі –Ғ.Е. Керімбек

Өкінішке орай кейде қазіргі нарықтық идеялар тек фирманың кедейлік жағдайының нәтижесінде ғана пайда болады. Осындай қалыптасқан жағдай «Елорда тынысы» ЖШС басшылығын нарықтық бағытын тұрақтандыру бойынша жағдайлар жасауға итермелейді деп есептеймін.

Қаржылық жоспарды құру мақсаты – қаржылық көрсеткіштердің деңгейін болжау негізінде қаржылық ресурстардың, капиталмен резервтердің көлемін анықтау. Қаржылық жоспарлаудың негізі оның стратегиясы, яғни шаруашылық субъектісінің пайдасы мен шығынының орталығын анықтау – оған максималды түрде пайда әкеледі. Шығындар орталығы өндірістік тауарлық процесте маңызды роль атқаратын, өз рентабельді және коммерциялық емес шаруашылық субъектісінің бөлімшесі.

Кәсіпорындардағы қаржылық жоспарлау тоқсан, жыл және 5 жылға құрылады. Осымен қатар перспективті, ағымдық оперативтік жоспарлар да болады. Перспективті қаржылық жоспар кең көлемдегі өндірістік маңызды көрсеткіштерін, арақатынасын,